


Хайсам Сархан басшылығындағы
"Сунна" колледжі

إدمان الخمر

Маскүнемдік



sarhaan.com
mahadsunna.com

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Маскүнемдік

Өкінішке орай, бұл адамның жеке тұлғасының да, қоғамдық өмірдің де бұзылып күйреуіне алып келетін керітартпа әрі бұзақы құбылыс адамдар арасында кең таралып кеткені соншалық, көпшілік адамдар оны әшейін-ақ әдетті әрі орынды нәрсе ретінде, тіпті өмірдің ажырамас бөлігі ретінде қарастыра бастады. Бірақ ол аналар мен әкелерге, әйелдер мен балаларға қаншама азап әкелуде, оның кесірінен жер бетінде қаншама зұлымдық пен қайғы-қасірет орын алды және осы күні де орын алуда, оның кесірінен бүкіл жерде қаншама зиян мен зұлымдық тарады.

Бұл қасіретті күнәға жас пен кәрінің де, әйел мен еркектің де бой алдырып жатқанын көргенде, мұсылман халықтарының ұл-қыздары бұл күнәні емін-еркін жасалатын әдетке айналдырғанын көргенде жүрек пен жан қынжылады. Біз не туралы айтып жатырмыз, құрметті мұсылман қауым?!

Әрине, біз мас қылатын ішімдіктерді ішу сияқты қорқынышты әрі зардабы бойынша өте қауіпті іс-әрекет туралы сөз етудеміз. Арақ-шарап ішетін адам өзіне, отбасына, қоғамға қарсы қылмыс жасайды. Оның өзіне қарсы жасаған қылмысы – ол өз жанын Жаратушы Аллаһтың лағынет-қарғысы мен қаһарына ұшыратуында. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

لَعَنَ اللَّهُ الْخَمْرَ، وَلَعَنَ شَارِبَهَا، وَسَاقِيَهَا، وَعَاصِرَهَا، وَمُعْتَصِرَهَا، وَبَائِعَهَا، وَمُبْتَاعَهَا، وَحَامِلَهَا، وَالْمَحْمُولَةَ

إِلَيْهِ، وَآكِلَ ثَمَرِهَا

«Аллаһ арақ-шарапты да, оны ішетінді де, оны ішкезінді де, оны жасайтынды да, оны жасататынды да, оны сататынды, оны сатып алушыны да, оны тасымалдайтынды да, ол кім үшін тасымалданса соны да, оны сатудан түскен ақшаны жейтінді де лағынеттеді»

(хадисті Абу Дауд, 3674; Ахмад, 5716 келтірген; әл-Әлбани «Сахих әл-жәмиғ әс-сағир» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған, 5091).

Аллаһ Тағала алкоголь ішімдігін ішкен адамның намазын қырық күн бойы қабылдамайды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

الْحَمْرُ أُمُّ الْخَبَائِثِ، وَمَنْ شَرِبَهَا لَمْ يَقْبَلِ اللَّهُ مِنْهُ صَلَاةً أَرْبَعِينَ يَوْمًا، فَإِنْ مَاتَ وَهِيَ فِي بَطْنِهِ مَاتَ مِيتَةً

جَاهِلِيَّةً

«Ішімдік – барлық жиіркенішті істердің анасы. Аллаһ Тағала оны ішкен адамның намазын қырық күн бойы қабыл етпейді, ал егер адам өлген кезінде, оның ішінде арақ-шарап ішімдігі болса, ол исламға дейінгі надандық (мұсылман еместің) өлімімен өлген болады»

(хадисті әд-Даракутни, 1/4529 жеткізген; әл-Әлбани «Әс-силсиләт әс-сахиха» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған, 1854).

Арақ ішкен адам басқалар Жәннатқа кіргенде, өзін өзі сол Жәннатқа кірмей қалу қатеріне ұшыратады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

لَا يَدْخُلُ الْجَنَّةَ عَاقٌ، وَلَا مَنَانٌ، وَلَا مُدْمِنٌ خَمْرٍ

«Ата-анасына құрметсіздік көрсететін адам, жасаған жақсылығын міндесінетін адам және арақ-шарап ішетін адам Жәннатқа кірмейді»

(хадисті әд-Дарими, 2094; Ибн Хиббан, 3384 жеткізген; әл-Әлбани «Әс-Силсиләт әс-сахиха» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған, 673).

Кімде-кім бұл дүниеде арақ-шарап ішсе, ол Жәннаттағы керемет, ғажайып дәмді, сананы мас қылмайтын, басты ауыртпайтын, ішкен адамға ләззат сыйлайтын шараптардан мақұрым қалады.

Әй осы сұмдық жамандықпен әлі де қоштаспағандар, өздеріңді иман мен тақуалық нұрынан айырмаңдар, өйткені арақ-шарап ішкен адам бұл нұрдан айырылады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

لَا يَزِينِي الرَّائِي حِينَ يَزِينِي وَهُوَ مُؤْمِنٌ، وَلَا يَشْرِبُ الْخَمْرَ حِينَ يَشْرِبُ وَهُوَ مُؤْمِنٌ

«Зинақор адам зина жасап жатқан кезінде мұмин болмайды, арақ-шарап ішетін адам да, оны ішіп жатқан кезінде мұмин болмайды»

(хадисті әл-Бухари келтірген, 2475).

Неліктен сен өзіңді өзің Аллаһтың қаһарына, жазасына ұшыратасың? Неліктен Аллаһ белгілеген шектен шығасың? Неліктен сен Аллаһ Тағаланың саған берген ақыл секілді ұлы сыйына қол сұғып, қиянат жасайсың? Өйткені шарап адамды ақылынан айырады, оны жануардың денгейіне дейін, ал кейде тіпті одан да төмен дәрежеге түсіреді.

Алкоголь ішімдіктер ішетін адам өзіне ғана емес, отбасына да, айналасына да қарсы қылмыс жасайды, өйткені оның мастығы жақындары үшін шексіз азап. Мас адам ақылдан азған секілді болады. Ол ақылынан айырылып, кез келген жамандықты жасауға қабілетті болады. Ол тіпті Аллаһ Тағаладан басқа құдайға сиынуы мүмкін, ширк, Құдайға тіл тигізу, күпірлік болып табылатын амалдар мен сөздер айтуы мүмкін, адам өлтіруі немесе харам жыныстық қатынасқа түсуі мүмкін. Ол бұдан басқа күнәларды да жасай алады. Сондықтан да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мас қылатын ішімдіктерді барлық жамандықтың кілті деп атаған. Хадистердің бірінде былай деп айтылған:

الْحُمُرُ أُمُّ الْفَوَاحِشِ، وَأَكْبَرُ الْكِبَائِرِ، مَنْ شَرِبَهَا وَقَعَ عَلَى أُمِّهِ وَخَالَتِهِ وَعَمَّتِهِ

«Арақ-шарап – бүкіл арсыздықтардың анасы және үлкен күнәлардың ең үлкендерінен. Оны ішкен адам тіпті өз анасына да, анасы және әкесі жағынан болған тәтелері мен апаларына да қол сұға алады»

(хадисті әд-Даракутни келтірген, 4052; әл-Әлбани хадисті «Әс-Силсиләт әс-сахиха» еңбегінде сенімді деп атаған, 1853).

Яғни мас адам тіпті өз анасын, нағашы тәтесін, өз тәтесін, әпкесін зорлауы мүмкін. Аллаһ бізді бұндай жамандықтан сақтасын. Сіздер біреулердің арақ-шарап ішіп алып, сосын өз қызын, немесе ағасының әйелін, немесе әйелінің әпкесін зорлаған жағдайларды естімедіңіздер бе? Әрине естудесіздер.

Мас адам жыртқыш аңға ұқсайды. Ол үшін харам мен халал, күнә мен тақуалық, арлылық пен арсыздықтың айырмашылығы жоқ. Арақ-шарап ішкен адам отбасына да, айналасындағыларға да азап, зиян келтіреді. Отбасында арақ-шарап ішетін мүшелері болған адамдар біздің не айтып жатқанымызды өте жақсы түсінеді. Мас адамдардың әйелдері өздерінің мас күйеулері қыздарына зиян тигізіп қоятынынан қорқып, түнімен қалай ұйықтамайтындарын айтып жатады.

Ішімдікке салынғандар – бүкіл қоғамның қайғысы, өйткені мас адам өзгені зорлауға, тіпті өзіне ең жақын және қымбатты адамдарды, әйелін, балаларын, көршісін, досын өлтіруге дейін бара алады! Ол көлік рөліне отыратын болса, жазықсыз адамдардың әлеуетті өлтірушісіне айналады. Сондықтан да Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арақ-шарапты барлық жамандықтың кілті деп атаған. Пайғамбарымыздың ұлы сахабасы, ардақты халифа Усманның (Аллаһ оған разы болсын) мындай оқиғаны айтып бергені жайлы жеткізілген: «Ертеде бір тақуа, дүние қызықтарын тәрк етекен адам өмір

сүрген екен. Бір азғын-бұзақы әйел оған жан-тәнімен ғашық болып қалады. Бірде ол оған өз қызметші қызын жіберіп, бір келісім-шарттың куәгері болу үшін үйіне келуді сұрайды. Сөйтіп әлгі тақуа жігіт қызметші қыздың артынан олар әлгі азғын әйелдің үйіне келгенше еріп барады. Ол үйге кірген кезде қызметші қыз есікті іштен құлыптайды. Кейін ол келесі есікке кіреді әрі қызметші қыз оны да бекітеді, әрі осылайша бұл жігіт әрбір келесі есікке кірген сайын, әлгі қызметші қыз оның артынан оларды кілттеп келе береді. Әрі бұл оның әлгі әдемі бұзық әйелдің алдынан бір-ақ шыққанына дейін осылайшы жалғаса берді. Әйел оған: «Мен сені куәлік етуге шақырған жоқпын, бірақ сені үш нәрсенің бірін істеуге шақырдым: не менімен жыныстық қатынасқа түс, не менің қызметшімді өлтір, не шарап іш», - дейді. Жігіт ойланып, шарап ішу оған ұсынылған үш күнәнің ең зиянсызы деп шешті. Ол: «Маған шарапты бер», - деді. Әйел оған шарапты құйды, бірақ ол тағы сұрады және әйел ол әбден мас болғанша қайта құйып тұрды. Сөйтіп әлгі адам мас болған соң, қызметшіге бас салып, оны өлтіріп, әйелмен тыйым салған қатынасқа түсті». Осы оқиғаны айтып болғаннан кейін Усман (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «Шараптан аулақ болыңдар, өйткені ол бүкіл арсыздықтың анасы. Әрі адамның жүрегінде иман мен ішімдікке құмарлық жолығатын болса, онда бірі екіншісін міндетті түрде ығыстырады».

Расында да, мас болу – қоғамдағы ең қауіпті дерттердің бірі. Бір неміс дәрігері: «Арақ-шарап зауыттарының жартысын жабыңыздар, сонда мен сіздерге ауруханалардың жартысы мен түрмелердің жартысы жабылатынына кепілдік беремін», - деп айтқан екен. Негізі ауруханаларға барып, ішімдік, темекі, есірткінің кесірінен қанша науқас бар екенін сұраңыз. Сосын түрмелерге барып, қанша адам мас күйінде қылмыс жасағанын сұрасаңыз, бұл дәрігердің сөзі әбден дәйекті екеніне көзіңіз жетеді.

Сондықтан да Ислам діні арақ-шарапқа және сананы бұлдырататын барлық нәрсеге қатаң түрде мәңгілікке, Қиямет күніне дейін тыйым салды.

Аллаһ Тағала былай деген:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِنَّمَا الْخَمْرُ وَالْمَيْسِرُ وَالْأَنْصَابُ وَالْأَزْلَامُ رِجْسٌ مِنْ عَمَلِ الشَّيْطَانِ فَاجْتَنِبُوهُ لَعَلَّكُمْ

تُفْلِحُونَ

إِنَّمَا يُرِيدُ الشَّيْطَانُ أَنْ يُوقِعَ بَيْنَكُمُ الْعَدَاوَةَ وَالْبَغْضَاءَ فِي الْخَمْرِ وَالْمَيْسِرِ وَيَصُدَّكُمْ عَنْ ذِكْرِ اللَّهِ وَعَنِ
الصَّلَاةِ ۖ فَهَلْ أَنْتُمْ مُنتَهُوْنَ

«Әй иман келтіргендер! Арақ-шарап, құмар ойындары, (Аллаһтан басқаға құрбан шалу үшін) тігілген тастар және бал ашатын оқтар – шайтанның істерінен болған лас нәрселер. Одан аулақ болыңдар, құтыларсыңдар. Негізінен шайтан, арақ-шараппен, құмар ойындарымен араларыңа дұшпандық әрі кек салып, Аллаһты еске алудан және намаздан тосуды қалайды. Ал сонда да тыйылмайсыңдар ма?»

(«әл-Маида» сүресі, 90-91 – аяттар).

Бұл аятта Аллаһ Тағала мас ететін заттарды сегіз нәрсе себепті харам екендігін меңзеген.

Біріншіден, мас қылатын ішімдіктер рижс – лас нәрсе деп аталады, яғни олар харам (харам).

Екіншіден, олар шайтанның ісі деп аталады, яғни олар тыйым салынған харам.

Үшіншіден, Аллаһ Тағала: «Одан аулақ болыңдар», – деді, бұл – бұйрық, сондықтан оны орындау – уәжіп (яғни міндетті, парыз).

Төртіншіден, Аллаһ Тағала: **«сонда құтыларсыңдар (жетістікке жетесіңдер)»**, – дейді. Яғни Аллаһ Тағала бақыт пен құтылуға қол жеткізу мүмкіндігін мас қылатын ішімдіктерден бас тартумен байланыстырды.

Бесіншіден, Жаратушымыз мас қылатын сусындардың адамдар арасында араздық пен өшпенділік тудыратынын, сондықтан оларға тыйым салынғанын көрсетеді.

Алтыншыдан, олар Аллаһты еске алудан алыстатады.

Жетіншіден, олар Аллаһқа құлшылық етудің ең маңызды түрі – намаздан тосады, сондықтан оған тыйым салынған.

Сегізіншіден, Аллаһ Тағала мүміндерге: «Тыйылмайсыңдар ма?» деп үндейді. Бұл сұрақ осы күнәдан бас тартуға деген өте күшті талапты көрсетеді.

Аллаһ Тағала Өзінің осы сөздерін түсіргенде, сол кездегі мұсылмандар, яғни Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары: «Уа Раббымыз, біз тыйылдық!», - деп барлығы бірдей жауап берді.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَا أَشْكُرَ كَثِيرُهُ فَقَلِيلُهُ حَرَامٌ

«Үлкен мөлшерде мас қылатын нәрсе, аз мөлшерде де тыйым салынған (харам)»

(хадисті Ахмад, 5648; Абу Дауд, 3681; Ибн Мәжаһ 3392 келтірген; әл-Әлбани «Сахих Абу Дауд» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған, 3681).

Ол сондай-ақ былай деген:

مَا أَشْكُرَ فَهُوَ حَرَامٌ

«Мас қылатын барлық нәрсе тыйым салынған (харам)»

(хадисті әл-Бухари, 5598 және ән-Насаи, 5606 келтірген).

Демек, ішімдік, есірткі және сананы бұзатын барлық нәрселерді ішуге, шегуге, егуге, иіскеуге, қабылдауға тыйым салынады.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қиямет күніне жақын болатын нәрселер жайлы баяндап, былай деген:

لَيْشَرَّيَنَّ نَاسٌ مِنْ أُمَّتِي الْخَمْرَ يُسْمُونَهَا بِغَيْرِ اسْمِهَا

«Үмметімде шарапты өзге атпен атап ішетін адамдар пайда болады»

(хадисті Абу Дауд, 3688; Ибн Мәжаһ 4020 келтірген; әл-Әлбани оны «Сахих ибн Мәжаһта» сенімді деп атаған, 3263).

Яғни, бұл адамдар арақ-шараптың атауын өзгерту шариғи тыйымды жояды деп ойлайтын болады. Бірақ оны қалай атасаңыз да: мысалы, оны рахат сусыны, немесе қыздырғыш ішімдіктер, коктейлдер, бальзам десеңіз де – бәрібір мәні сол күйінде қала береді, яғни олардың тыйым салынған харам деген үкімі өзгермейді.

Исламның барлық ғалымдары, олардың ерте және кейінгі кездерде өмір сүргендері де, мас қылатын өнімдердің қатаң түрде тыйым салынғаны туралы бірауызды келіскен. Кімде-кім мұнымен келіспей, оларды Аллаһ рұқсат етті дейтін болса, сол мұсылман емес, яғни діннен шығып кәпір болады.

Мұсылмандар үшін Жаратушының шақыруына жауап беріп, ішімдікті өзінен, отбасынан, бала-шағасынан, үйінен алыстату өте маңызды. Мұсылмандардың өзге бұзылған қауымдардың айыптауынан қорқып, арақ-шарап ішіп жатқанын, немесе қонаққа ұсынып жатқанын, не той-думан кезінде дастарханға қойғанын көру неңдей ашты әрі өкінішті-ақ. Бізге Аллаһтың үкімінен қорқу маңыздырақ емес пе? Ендеше ішімдік сататындар, ішімдік ішетін орындарды жалға беретіндер, халықты мас қылып, халықтың рухани азып-тозуына үлес қосып жүргендер жазадан, Аллаһ Тағаланың қаһарынан қорықсын. Баршамыз бітпейтін туған

күндердің маскүнемдігінен арылып, пәк иман нұрына ұмтылатын кез келген жоқ па?

Кезінде исламға дейін өмір сүрген арабтар арасында арақ-шарап ішу өте кең таралған құбылыс болатын, онсыз бірде-бір мереке мен ас болмайтын. Ислам келген кезде ішімдікке деген тыйым бірден түсірілмей, мұсылмандар біраз уақыт бойы мас қылатын сусындар ішіп жүрді. Бірақ Аллаһ Тағала оларға мас қылатын барлық нәрсенің харам екенін хабарлаған бойда, олардың бәрі оны бірден тастады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімнің: **«Тыйылмайсындар ма?»** деген сөзін түсіргенде, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең көрнекті сахабалары мен серіктерінің бірі Умар ибн әл-Хаттабтың: «Біз тыйылдық, тыйылдық!», - деп айтқаны хабарланады.

Әнас ибн Мәлик атты басқа сахаба былай деп баяндаған: «Бірде мен Абу Талха әл-Ансориге, Абу Убайда ибн әл-Жаррахқа және Убай ибн Қағба құрмадан жасалған мас қылатын ішімдік ішкізіп отырған болатынмын. Сол уақытта бізге бір адам келіп: «Расында, арақ-шарапқа тыйым салынды», - деді. Абу Талха бұл сөздерді естіп: «Уа Әнас, (шарап құйылған) құмыраларға барып, оларды сындырып таста!», - деді. Мен тұрып, құмыралардың астын таспен ұрып, сындырдым». Сахабалардың Аллаһ Тағаланың қалауына бағынуға нендей әзір болғанына қараңыздаршы. Олар Аллаһтың бұйрығын естіген бойда, оған бірден бағынды да: «Қалғанын ішіп, бітірейік, кішкене күтіп, хабарға әбден сенімді болайық», - немесе: «Біз бұған дайын емеспіз», - демеді.

Бірде Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір адам келіп, шарап туралы сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның тыйым салынғаны жайлы айтты. Әлгі адам: «Мен мұны емделу үшін жасаймын», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

إِنَّهُ لَيْسَ بِدَوَاءٍ، وَلَكِنَّهُ دَاءٌ

«Ол – ем емес, алайда ол – нағыз дерт», - деп жауап берді.

(хадисті Муслим келтірген, 1984).

Ата-бабамыз өмір сүрген тазалыққа қашан қайтамыз? Мұсылмандарға осы лас іс лайық па? (Ал мұсылман – бұл өзін Аллаһ Тағалаға бағыштап, Оның еркіне бағынған адам ғой.) Ол осы шайтандық сусынды дастархандарына қоюға, балаларына осы жаман үлгі көрсетуге, содан кейін өкінішінен шынтақтарын тістеп қалуы дұрыс па?! Үй-жайымызды, той-думанымызды хайуанаттар бағына

айналдырып, ондағы жануарлардың орнына мас еркектер, әйелдер, қарттарымыздың болуы бізге лайық па?! Ал ішімдікті ішудің харам екенінде әлдебір мөлшердік шек жоқ. Оны кез келген мөлшерде пайдалану харам, зиян, бұл сіз үшін немесе сіздің жақындарыңыз үшін болашақ рухани және физикалық өлім.

Аллаһ бізді және сіздерді бүкіл жамандықтардан сақтасын.

1146/2024 ж.